

Кедейлік көрсеткіштерін өлшеу әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2026 жылғы 5 қаңтардағы № 1 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 9 қаңтарда № 37824 болып тіркелді

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ереженің 15-тармағының 34) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Төрағасының 2020 жылғы 23 қазандағы № 9-нқ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы туралы ереженің 15-тармағының 20) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Кедейлік көрсеткіштерін өлшеу әдістемесі бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы департаменті Заң департаментімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының құрылымдық және аумақтық бөлімшелеріне жұмыста басшылыққа алу және пайдалану үшін жеткізсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросының басшысы*

М. Турлубаев

Кедейлік көрсеткіштерін өлшеу әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Кедейлік көрсеткіштерін өлшеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ереженің 15-тармағы 34) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 2020 жылғы 23 қазандағы № 9-нқ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы туралы ереженің 15-тармағы 20) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Осы Әдістемені Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі – Бюро) кедейлік көрсеткіштерін есептеу кезінде қолданады.

3. Осы Әдістеменің мақсаты Тұрмыс деңгейі бойынша үй шаруашылықтарының іріктемелі зерттеуін ұйымдастыру және өткізу әдістемесіне сәйкес жүргізілетін тұрмыс деңгейін бағалау үшін үй шаруашылықтарын іріктемелі зерттеу (бұдан әрі – ҮШІЗ) деректері негізінде кедейлік көрсеткіштерін есептеу әдістерін сипаттау болып табылады.

4. Осы Әдістеме кедейлік деңгейін есептеудің әлемдік практикада қабылданған әдістеріне сәйкес әзірленді және кедейлік көрсеткіштері бойынша ресми статистикалық ақпараттың халықаралық салыстырмалығын қамтамасыз етеді.

5. Осы Әдістемеді мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) тұтынуға жұмсалған табыстар (бұдан әрі – ТЖТ) – мыналарды қамтиды: өндірістік қызметке капитал салымдары мен жинақтары жоқ тұтыну шығыстары; меншікті өндірістің заттай нысанда тұтынылған өнімнің құны; ақшалай мәндегі трансферлер.

2) табыстардың эквиваленттік шкаласы (бұдан әрі – ТЭШ) – бірлесіп тұру әсері есебінен шығыстарды үнемдеуді есепке алатын, мөлшері бойынша әртүрлі отбасылардағы жан басына шаққандағы орташа табыстың қажетті деңгейлерін түзететін түзету коэффициенттері;

3) ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы (бұдан әрі – ЕТКДШ) – бұл ең төмен тұтыну себетінің құнына тең келетін, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) сатып алу қабілеттілігінің паритеті (бұдан әрі – СҚП) – елдердің салыстырылатын экономикасы бағаларының арақатынасын есепке алатын валюталардың арақатынасы. Ол басқа валютаның бір бірлігіне бірдей тауарлар мен қызметтер жиынын сатып алу үшін бір валютада қанша төлеу керек екенін көрсетеді;

5) депривация – адамның (отбасының) негізгі өмірлік қажеттіліктерін өз бетінше қанағаттандыру мүмкіндігін шектеу және (немесе) одан айыру.

2-тарау. Абсолютті өлшемшарт бойынша кедейлікті есептеу

1-параграф. ЕТКДШ бойынша кедейлікті есептеу

6. Қазақстан Республикасында кедейлік деңгейін ресми бағалау үшін абсолютті өлшемшарт бойынша кедейлік тұжырымдамасы – ЕТКДШ қабылданды, ол тұтыну деңгейінің белгіленген күнкөріс деңгейінің сәйкестігіне негізделген.

7. Кедейлік деңгейі – ЕТКДШ төмен ТЖТ бар халық үлесі, ЕТКДШ төмен ТЖТ деңгейі бар халық санының халықтың жалпы санына пайызбен қатынасымен анықталады:

$$Q_{VSM} = \frac{n_{VSM}}{N} * 100\%, \quad (1)$$

мұнда:

Q_{VSM} – ЕТКДШ төмен ТЖТ бар халық үлесі;

n_{VSM} – ЕТКДШ төмен ТЖТ бар халық саны;

N – барлық халықтың саны.

8. ЕТКДШ бойынша кедейлік көрсеткіштерін есептеу Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясының кедейлік статистикасы жөніндегі нысаналы тобы дайындаған "Кедейлікті есептеу жөніндегі нұсқаулықта" келтірілген ұсынымдар негізінде үй шаруашылығының екінші және одан кейінгі мүшелері үшін 0,8 бірыңғай коэффициенті бар ТЭШ қолдану арқылы жүзеге асырылады.

9. Кедейлік деңгейі республика, өңірлер, елді мекеннің түрі, жынысы, үй шаруашылығының саны, жас ерекшеліктері бойынша тоқсан сайын және жылдық негізде есептеледі. Тоқсандық көрсеткіштер маусымдық түзетусіз есептеледі.

2-параграф. СҚП арқылы халықаралық кедейлік шегі бойынша кедейлікті есептеу

10. Орнықты даму мақсаттарының (бұдан әрі – ОДМ) мониторингі үшін кедейлік халықаралық шек бойынша тәулігіне СҚП бойынша 1,9; 2,15; 3,2; 5,5; 6,85 АҚШ долларына есептеледі.

11. СҚП бойынша доллар бағамы тиісті жылдың салыстыру раундтарына сәйкес 4 жылда бір рет қалыптасады және елдер бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының веб-сайтында жарияланады.

12. СҚП бойынша халықаралық кедейлік шегі бойынша кедейлік деңгейі тиісті халықаралық өлшемшарттардан төмен халық санының халықтың жалпы санына қатынасымен пайызбен анықталады:

$$Q_{PPP} = \frac{p_{PPP}}{N} * 100\% , \quad (2)$$

мұнда:

Q_{PPP} – СҚП бойынша кедейлер деңгейі;

p_{PPP} – ТЖТ халықаралық өлшемшарттардан төмен халық саны;

N – халықтың жалпы саны.

13. Осы көрсеткіштің елдер арасындағы салыстырмалылығын қамтамасыз ету үшін есептеу табыстардың эквиваленттік шкаласын қолданбай жүргізіледі.

14. Кедейлік шегі республика, өңірлер, елді мекеннің түрі және жынысы бойынша есептеледі.

3-тарау. Халықтың табыстарын саралау көрсеткіштерін есептеу

15. Халықты жан басына шаққандағы орташа табыс мөлшері бойынша топтастыру – бұл халықтың орташа жан басына шаққандағы табысының мөлшері бойынша белгілі бір интервалдармен реттелген және топтастырылған халықтың саны мен үлесі. Халықтың табыс топтары табыс мөлшерінің берілген интервалдары бойынша қалыптасады. Халықтың жан басына шаққандағы орташа табысы бойынша топтастырылуы республика, үй шаруашылығының мөлшері және үй шаруашылықтарындағы балалар саны бойынша тоқсандық және жылдық негізде есептеледі.

16. Халықтың кванттық топтары бүкіл халықты бір белгі бойынша басқа белгілерге қарамастан сандық тең бөліктерге бөлу арқылы қалыптасады. Жан басына шаққандағы орташа табыстың мөлшері бойынша халық топтары халықтың жан басына шаққандағы ТЖТ-тың мөлшері бойынша халық санын ең төменгі мәннен ең жоғары мәнге қарай саралау жолымен қалыптастырылады. Халықтың квантильдік топ бойынша табыстардың шоғырлануы халықтың жалпы табысындағы сәйкес топтың үлесі ретінде анықталады. Децильдік және квинтильдік – 10 және 20 пайыздық топтарға бөлу қолданылады.

17. Джини коэффициенті немесе табыстардың шоғырлану коэффициенті – бұл халықтың сандық тең топтары бойынша табыстардың нақты бөлінуінің олардың біркелкі бөліну сызығынан ауытқу дәрежесін көрсететін теңсіздік дәрежесін сандық бағалау. Коэффициенттің мәні 0 - ден 1 - ге дейінгі шекарада болады, мұндағы 0 - халықтың барлық топтарындағы табыстардың мінсіз теңдігі, 1 - барлық табыстар жеке

тұлғалардың бір тобына жататын мінсіз теңсіздік. Джини коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$$G = 1 - \sum (q_i d_{i(\text{кум})-1} + q_i^3 d_{i(\text{кум})}),$$

мұнда:

G – Джини коэффициенті;

q_i – интервалдағы халықтың үлесі;

$d_{i(\text{кум})}$, $d_{i(\text{кум})-1}$ – біріншіден i -інші табыстың кумулятивті үлестері, $i-1$ аралықтар.

18. Қорлардың коэффициенті – бұл оныншы және бірінші децил топтарының орташа табыстың қатынасы. Қорлардың коэффициенті келесі формула бойынша есептеледі:

$$K_f = \frac{d_{10}}{d_1}, \quad (4)$$

мұнда:

K_f – коэффициент фондov;

d_{10} – ең жоғары табысы бар халықтың 10%-на тиесілі жиынтық табыс;

d_1 – ең төмен табысы бар халықтың 10%-на тиесілі жиынтық табыс.

19. Кедейлік тереңдігінің коэффициенті кедей халықтың табыс (тұтыну) деңгейінің ЕТКДШ орташа ауытқуын көрсетеді және халықтың жалпы санымен байланысты табыстың жиынтық тапшылығының шамасымен көрсетіледі, келесі формула бойынша есептеледі:

$$PG = \frac{1}{N} \sum_{i=1}^n \frac{(z - y_i)}{z}, \quad (5)$$

мұнда:

PG – кедейлік тереңдігінің коэффициенті;

y_i – жан басына шаққандағы ТЖТ;

z – ЕТКДШ;

N – барлық халықтың саны

n – кедей халық саны.

20. Кедейліктің ауырлық коэффициенті кедей халық арасындағы теңсіздікті, кедейлердің орташа табысының таралу дәрежесін көрсетеді. Халықтың табыс тапшылығы үлесінің ең төменгі күнкөріс деңгейінен ауытқу квадраттарының орташа мәні ретінде, келесі формула бойынша есептеледі:

$$PG = \frac{1}{N} \sum_{i=1}^n \frac{(z - y_i)}{z}, \quad (6)$$

мұнда:

PG – кедейліктің ауырлық коэффициенті;

y_i – жан басына шаққандағы табыс;

z – ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы;

N – барлық халықтың саны;

n – кедей халық саны.

21. Халық табысының сатып алу қабілеті халықтың жан басына шаққандағы орташа табысының ЕТҚДШ арақатынасы, келесі формула бойынша есептеледі:

$$PP = \frac{y_i}{z}, \quad (7)$$

мұнда:

PP – табыстың сатып алу қабілеті;

y_i – жан басына шаққандағы орташа табыс;

z – ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы.

22. Табыстарды саралау көрсеткіштерін есептеу халықаралық ұсынымдар негізінде әдістемелік есептеулерге сәйкес үй шаруашылығының екінші және одан кейінгі мүшелері үшін 0,8 бірыңғай коэффициенті бар ТЭШ қолдану арқылы жүзеге асырылады.

23. Табыстарды саралау көрсеткіштері республика және өңірлер бойынша тоқсандық және жылдық негізде есептеледі. Тоқсандық көрсеткіштер маусымдық түзетусіз есептеледі.

4-тарау. Салыстырмалы өлшемшарт бойынша кедейлікті есептеу

24. Медианалық табыс – жанбасына шаққандағы орташа табысты бөлініп сараланған қатарының ортасында тұрған көрсеткіштің мәні.

25. Кедейлік өлшемшарты орташа табыс мөлшеріне пайыздық қатынаста анықталады. Бюро салыстырмалы өлшемшарт бойынша кедейлердің үлесін есептейді:

- 1) 10.2.1 "Табысы медианалық табыстың 50 пайызынан төмен табысы бар адамдардың үлесі" ОДМ мониторингі үшін медианалық табыс деңгейінің 50 пайызы;
- 2) халықаралық тәжірибеде кеңінен қолданылатын медианалық табыс шамасына 60 пайызы.

26. Салыстырмалы өлшемшарт бойынша кедей халықтың үлесін анықтау кезеңдері:

1) жан басына шаққандағы орташа табыстың өсуі ретімен адамдарды саралау жүргізіледі;

2) медианалық табыс жан басына шаққандағы орташа табыстар деректер қатарындағы сараланған тізімінің ортасында тұрған адамның табысына сәйкес келеді.

Егер тізімдегі адамдардың саны тақ болса, онда медиана қатардың орталық мәніне сәйкес келеді, нөмірі мына формула бойынша анықталады:

$$N_{Me} = (N + 1) / 2, \text{ егер } N - \text{ тақ сан болса,} \quad (8)$$

мұнда:

N_{Me} – медианаға сәйкес келетін мән нөмірі;

N – жиынтықтағы мәндер саны (дерекқорлардағы адамдар саны).

Егер адамдар тізімі адамдардың жұп санынан тұрса, онда медианалық табыс жан басына шаққандағы табыстың екі орталық мәнінің орташа арифметикалық мәні болып табылады:

$$Me = (x_{(N/2)} + x_{(N/2 + 1)}) / 2, \quad (9)$$

егер N – жұп сан болса,

мұнда:

Me – медианалық табыс;

$x_{(N/2)}$, $x_{(N/2 + 1)}$ – өсуі бойынша сараланған жан басына шаққандағы орташа табыстар сериясының екі орталық мәні;

3) күнкөріс деңгейі шамасының 50 пайызына, 60 пайызына сәйкес келетін салыстырмалы критерий бойынша кедейлік шегі анықталады:

$$PM = Me * 50\% (60\%), \quad (10)$$

мұнда:

PM – салыстырмалы өлшемшарт бойынша кедейліктің шегі;

Me – медианалық табыс мөлшері;

4) салыстырмалы өлшемшарт бойынша табысы кедейлік шегінен төмен халықтың үлесі және келесі формула бойынша есептеледі:

$$Q_{PM} = \frac{n_{PM}}{N} * 100\%, \quad (11)$$

мұнда:

Q_{PM} – салыстырмалы өлшемшарт бойынша кедейлердің үлесі;

n_{PM} – табысы салыстырмалы өлшемшарт бойынша кедейліктің шегінен төмен кедей халықтың саны;

N – барлық халықтың саны.

27. Салыстырмалы өлшемшарт бойынша кедейшілік көрсеткіштері республика бойынша жыл сайын есептеледі.

5-тарау. Субъективті кедейлікті бағалау

28. Субъективті кедейлік – бұл респонденттердің материалдық жағдайын өзін-өзі бағалауы және негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін жеткілікті табысты қабылдауы.

29. Субъективті бағалау бойынша деректер көзі "Халықтың тұрмыс сапасы" сауалнамасы бойынша алынған нәтижелері болып табылады.

30. Материалдық жағдайдың деңгейін анықтау үшін респонденттерге сұрақ қойылады "Сіз өзіңізді материалдық қамтамасыз етілудің (ауқаттылықтың) қандай деңгейіне жатқызатыныңызды белгілеңіз" және келесі жауап нұсқалары ұсынылады:

1 - "қамтамасыз етілудің төмен деңгейі (аз қамтылған)"

2 - "орташа деңгейден төмен қамтамасыз етілу"

3 - "қамтамасыз етілудің орташа деңгейі (орта топ)"

4 - "орташа деңгейден біршама жоғары қамтамасыз етілу"

5 - "қамтамасыз етілудің жеткілікті деңгейі (біршама дәулетті)"

6 - "қамтамасыз етілудің жоғары деңгейі"

31. 1 және 2 жауап нұсқаларын таңдаған респонденттер субъективті түрде кедей болып саналады. Субъективті кедей халықтың үлесі келесі формула бойынша есептеледі:

$$Q_{SP} = \frac{n_1 + n_2}{N} * 100\%, \quad (11)$$

мұнда:

QSP – субъективті бағалау бойынша кедей халықтың үлесі;

n1 – "қамтамасыз етілудің төмен деңгейі (аз қамтылған)" жауабын таңдаған халық саны;

n2 – "орташа деңгейден төмен қамтамасыз етілу" жауабын таңдаған халық саны;

N – барлық халықтың саны.

32. Кедейлікті субъективті бағалау көрсеткіштері республика, өңірлер, елді мекеннің түрі, жынысы, жас аралықтары және жұмыспен қамту мәртебесі бойынша жылдық негізде есептеледі.

6-тарау. Көпөлшемді кедейлікті есептеу

33. ОДМ 1.2.2 "Ұлттық анықтамаларға сәйкес барлық дәрежедегі кедейлікте өмір сүретін барлық жастағы ерлер, әйелдер мен балалардың үлесі" индикаторлары Алкайер – Фостер әдісі бойынша көпөлшемді ұлттық кедейлік индексі (бұдан әрі–ККИ) және AROPE әдісі бойынша көпөлшемді балалар кедейлігі индексі (бұдан әрі – КБКИ) болып табылады.

3-параграф. Алкайер-Фостер әдісі бойынша көпөлшемді ұлттық кедейлік индексін есептеу

34. ККИ құру келесі қадамдарды қамтиды:

1) матрица құрамына енгізуге арналған индикаторлар жиынтығы ағымдағы стратегиялық құжаттарды талдау және мүдделі, құзыретті мемлекеттік органдарының сараптамалық талқылауы және келісу негізінде айқындалады (1-қосымшаның 3-бағаны). Барлық көрсеткіштер бойынша үй шаруашылығы бақылау бірлігі болып саналады;

2) индикаторлар бес аспектілерге топтастырылады. Аспектілер санына сәйкес 0,2 баламалы салмақтары анықталады. (1-қосымшаның 1-бағаны);

3) әрбір индикатор бойынша депривация шегі белгіленеді (1-қосымшаның 4-бағаны);

4) депривация матрицасы мынадай шарттарға сәйкес қалыптастырылады: егер үй шаруашылығы бойынша индикаторлар деректері депривация шегінен жоғары болса,

онда бұл үй шаруашылығына "0" мәні, төмен болса – "1" мәні беріледі. "1" мәні бар үй шаруашылықтары депривациясы бар үй шаруашылықтары ретінде сипатталады (2-қосымша);

5) аспектілердегі депривация санының негізінде әрбір индикаторға салыстырмалы салмақ беріледі. Барлық индикаторлардың салмақтарының қосындысы бірлікке тең;

6) "1" депривациялардың болуын және тиісті аспектінің салмағын көбейту жолымен әрбір үй шаруашылығы бойынша аспектілері бойынша баллдар айқындалады. Әрі қарай барлық аспектілер бойынша ұпайлар жинақталады (2-қосымшаның 6-бағаны);

7) алынған баллдар сомасы аспектілер санын (бес аспект) ескере отырып, 0,20 ретінде айқындалатын жалпы кедейлік шегімен салыстырылады (2-қосымшаның 7-бағаны). Егер депривацияның өлшенген ұпайларының сомасы белгіленген кедейлік шегінен асып кетсе, үй шаруашылығы көпөлшемді кедей болып саналады;

8) көп өлшемді кедей халықтың үлесі көп өлшемді кедей халық санының халықтың жалпы орташа жылдық санына қатынасы ретінде және келесі формула бойынша есептеледі:

$$Q_{MP} = \frac{n_{MP}}{N} * 100\% , \quad (13)$$

мұнда:

Q_{MP} – көпөлшемді кедейлердің үлесі;

n_{MP} – көпөлшемді кедейлердің саны;

N – халықтың жалпы жылдық орта саны;

9) кедейлік қарқындылығы көп өлшемді кедей халықтың депривация баллдары сомасының көп өлшемді кедей халық санына қатынасы ретінде және келесі формула бойынша есептеледі:

$$A = \frac{\sum_{i=1}^n D_1 + D_2 + \dots + D_n}{n_{MP}} , \quad (14)$$

мұнда:

A – кедейлік қарқындылығы.

D_1, D_2, \dots, D_n – депривация баллдары;

n_{MP} – көпөлшемді кедей халықтың саны;

10) ККИ көрсеткіші көп өлшемді кедейлер үлесінің және кедейлік қарқындылығының туындысы ретінде есептеледі:

$$MPI = QMP * A , \quad (15)$$

мұнда:

MPI – ККИ;

QMP – көпөлшемді кедейлердің үлесі;

A – кедейлік қарқындылығы.

35. ККИ республика, өңірлер, елді мекеннің түрі, аспектілері мен индикаторлары бойынша есептеледі.

4-параграф. Көпөлшемді балалар кедейлігінің индексі

36. Көпөлшемді балалар кедейлігінің индексін есептеу Еуропалық Одақтың статистикалық қызметінің балалар депривация индексінің (at risk of Poverty or social Exclusion – AROPE) әдістемесіне негізделген.

37. 1-12 депривация бала деңгейінде, 13-17 – үй шаруашылығы деңгейінде өлшенеді (3-қосымша).

38. Көпөлшемді балалар кедейлік деңгейі бір мезгілде депривацияның 4 және одан да көп түрін бастан кешіретін көпөлшемді кедей балалар санының барлық балалардың жалпы санына қатынасы ретінде мынадай формула бойынша есептеледі:

$$H_D = \frac{n_{MPC}}{N_D} * 100 \% , \quad (16)$$

мұнда:

HD – көпөлшемді балалар кедейлік деңгейі

nMPC – көпөлшемді кедей балалардың саны;

ND – балалардың жалпы саны.

39. КБКИ республика, өңірлер, елді мекеннің түрі, жынысы, отбасы түрі бойынша есептеледі.

Кедейлік көрсеткіштерін
өлшеу әдістемесіне
1-қосымша

ККИ индикаторларының шегі мен салмағына бөлу

N	Өлшемдер/ аспектілер	Аспектiлер салмағы	Индикаторлар	Депривация шегі	Индикатордың салмағы
	1	2	3	4	5
			Білім беру сапасы	Егер білім беру қызметтерінің барлық түрлері (мектепке дейінгі , жалпы орта (мектеп), кәсіптік орта (арнайы), жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі) үш і н қанағаттану деңгейі 10-нан 3 -тен төмен немесе оған тең болса, үй шаруашылығы	1/3

1	Білім беру	1/5		айырылған болып саналады.)	
			Білім берудің қолжетімділігі	Егер білім беру қызметтерінің барлық түрлері (мектепке дейінгі, жалпы орта (мектеп), кәсіптік орта (арнайы), жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі) үш і н қанағаттану деңгейі 10-нан 3-тен төмен немесе оған тең болса, үй шаруашылығы айырылған болып саналады.)	1/3
			Мектепке дейінгі мекемелерге бару	Егер 1 жастан 6 жасқа дейінгі кем дегенде бір бала мектепке дейінгі мекемеге қымбат, мектепке дейінгі мекеме алыс, балаларды туыстары қарайды және тіркеуі жоқ себептер бойынша бармаса, үй шаруашылығы айырылған болып саналады	1/3
			Денсаулық сақтау қызметтерінің сапасы	Егер қанағаттану деңгейі барлық қызмет түрлері бойынша (мемлекеттік және жеке мекемелер) 10-нан 3-тен төмен немесе оған тең болса, үй шаруашылығы	1/3

2	Денсаулық сақтау	1/5		айырылған болып саналады.	
			Денсаулық сақтау қызметтерінің қолжетімділігі	Егер білім беру қызметтерінің барлық түрлері бойынша (мемлекеттік және жеке мекемелер) қанағаттану деңгейі 10-нан 3 -тен төмен немесе оған тең болса, үй шаруашылығы айырылған болып саналады.	1/3
			Денсаулық сақтау қызметтерін пайдалана алмау	Егер бір жыл бойы ауырған кем дегенде 15 жастан асқан бір адам медициналық қызметтерге өте қымбат қызметтер, тым қымбат дәрі-дәрмектер, ұзын-сонар кезек, маманның болмауы, медициналық мекеме тым шалғай/ қолжетімділігі жоқ, дәрі-дәрмектің жоқтығы, қызмет сапасының төмендігі/ сенбеймін себептер бойынша қол жеткізе алмаса, үй шаруашылығы айырылған болып саналады	1/3
			Тұрғын үйге іргелес	Егер тұрғын үйге іргелес аумақтың тазалығына	

3	Экология	1/5	аумақтың тазалығына қанағаттану	қанағаттану деңгейі 10-нан 3-тен төмен немесе оған тең болса, үй шаруашылығы айырылған болып саналады	1/4
			Ауаның тазалығына қанағаттану	Егер ауа тазалығына қанағаттану деңгейі 10-нан 3-тен төмен немесе оған тең болса, үй шаруашылығы айырылған болып саналады	1/4
			Ауыз судың сапасына қанағаттану	Егер ауыз судың сапасына қанағаттану деңгейі 10-нан 3-тен төмен немесе оған тең болса, үй шаруашылығы айырылған болып саналады	1/4
			Сыртқы шудың деңгейіне қанағаттану	Егер сыртқы шу деңгейіне қанағаттану деңгейі 10-нан 3-тен төмен немесе оған тең болса, үй шаруашылығы айырылған болып саналады	1/4
4	Тұрғын үй жағдайлары	1/5	Жылытуға арналған отын	Егер үй шаруашылығы жылыту үшін қатты немесе сұйық отынды пайдаланса, үй шаруашылығы айырылған болып саналады	1/3
			Кәрізге қол жетімділік	Плитасы жоқ шұңқырлы дәретханасы болса немесе дәретханасы жоқ болса, үй	1/3

				шаруашылығын ан айырылған болып саналады	
			Т ұ р у нормаларына сәйкестігі	Егер бір адамға жалпы алаңның 15 шаршы метрінен азы тиесілі болса, үй шаруашылығы айырылған деп есептеледі	1/3
			Ү й шаруашылықтар ының төлемдер бойынша берешегі	Егер үй шаруашылығын ың келесі төлемдердің кем дегенде біреуі бойынша 2 есе немесе одан да көп қарызы болса, үй шаруашылығын а кіруге тыйым салынады: тұрғын үйді немесе бөлмені жалға алу, коммуналдық төлемдер, пайыздарды төлеу, несие бойынша қарыз, оның ішінде ипотека, бөліп төлеу	1/3
5	Тұрмыс деңгейі және қаржылық қамту	1/5	Жұмыссыздық	Егер 15 жастан асқан кем дегенде бір адам жұмыссыз болса және жұмыс іздеп жүрсе (жұмыссыз) немесе уақытша немесе ұзақ мерзімді еңбекке жарамсыз болса, ү й шаруашылығын ан айырылған болып саналады	1/3
				Ақшаның немесе басқа ресурстардың жетіспеушілігін	

			Ақшаның жетіспеушілігін ен тамақ жеткіліксіз	ен азық-түлік жеткіліксіз болады деп алаңдаса, үй шаруашылығы айырылған болып саналады	1/3
--	--	--	--	--	-----

Кедейлік көрсеткіштерін өлшеу әдістемесіне
2-қосымша

ККИ депривация матрицасы

Аспектiлер	Бiлiм беру			Денсаулық сақтау			Экология			
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
А	1			2			3			
Ү / ш нөмірі	индикатор 0,067	индикатор 0,067	индикатор 0,067	индикатор 0,067	индикатор 0,067	индикатор 0,067	индикатор 0,05	индикатор 0,05	индикатор 0,05	индикатор 0,05
1	0	1	0	0	0	0	1	0	0	0
2	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
3	0	0	1	0	0	1	0	0	0	0
4	0	0	0	1	0	0	0	0	0	0

Кестенің жалғасы

Тұрғын үй жағдайлары			Тұрмыс деңгейі/ қаржылық қамту			ККИ есептеу	
4	5		6				
1 1 индикатор 0,067	1 2 индикатор 0,067	1 3 индикатор 0,067	1 4 индикатор 0,067	1 5 индикатор 0,067	1 6 индикатор 0,067	Бірліктер тиісті аспект индикаторларының салмағына көбейтіледі	Артық мәндерді таңдау 0,20 (көп өлшемді кедейлер)
1	0	0	0	0	0	0,184	Көп өлшемді кедей емес
0	0	0	0	0	0	0,000	Депривация үй шаруашылықтары тізімінен алып тастау
0	0	1	0	1	0	0,281	Көп өлшемді кедей емес
0	0	0	0	0	0	0,067	Көп өлшемді кедей емес

0 – депривацияның болмауы / айыруы;

1 – айырылған / айырылған үй шаруашылықтары.

Кедейлік көрсеткіштерін
өлшеу әдістемесіне
3-қосымша

КБКИ бойынша депривация матрицасы

	КБКИ көрсеткіштері	Депривация шегі	
	1	2	
1.	Дұрыс өлшемді жаңа (пайдаланылмаған) киімдер	"Жоқ. Менде болғанын қалаймын, бірақ қазіргі уақытта рұқсат бере алмаймыз" - жауабын таңдағандар	
2.	Үй шаруашылығындағы әр балаға ыңғайлы және маусымдық аяқ киімнің екі жұбы (әр маусымға бір)		
3.	Күнделікті жаңа піскен жемістер мен көкөністерді жеу		
4.	Ет, құс еті немесе балық (немесе баламалы вегетариандық тағам) кем дегенде күніне бір рет тамақтану		
5.	Үй шаруашылығындағыәрбір бала үшін оның жасына сәйкес келетін оқыту ойындары мен кітаптары		
6.	Үйден тыс ашық ауада демалуға арналған жабдықтар (мысалы, велосипед, роликтер, спорттық жабдықтар және т. б.)		
7.	Жабық ойындар (мысалы, балаларға арналған ойыншықтар, текшелер, үстел ойындары, компьютерлік ойындар және т. б.)		
8.	Тұрақты демалыс		
9.	Ерекше жағдайларда балалар мерекелері (туған күн және т. б.)		
10.	Достарыңызды үйге шақыру мүмкіндігі		
11.	Мектеп экскурсияларына және ақылы мектеп іс-шараларына қатысу		
12.	Ата-аналармен үйден тыс демалыс , кем дегенде жылдың бір аптасы		
13.	Интернетке жеке қол жеткізу		
14.	Үй шаруашылығының төлемдері бойынша берешекті төлеуге қабілетті болу		

15.	Қысқы кезеңде тұрғын үйді жылы ұстауға арналған қаражаттың болуы	Тиісті тауарлар мен қызметтердің болмауы
16.	Қажет болған кезде жарамсыз қарапайым жиһазды ауыстыру мүмкіндігі	
17.	Жеңіл автокөліктің болуы немесе қажет болған жағдайда такси қызметін пайдалану мүмкіндігі	Автокөліктің болмауы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК